



№155-156  
(20609)  
29 қыркүйек,  
2018 жыл.  
СЕНБІ

# QAZAQSTAN

облыстық қоғамдық-саяси газет

WWW.OKG.KZ

okgazeti@gmail.com

1924 жылғы 26 қарашадан шыға бастады

● Ақорға

## Мемлекет басшысы Шымкент мұнай өңдеу зауытының жұмысымен танысты



**Кәсіпорын К-4 және К-5 экологиялық стандарттарына сай мұнай өнімдерін өндіруге маманданған. Зауыт жаңғырту жұмыстарының нәтижесінде мұнай өңдеу көлемін жылына 6 миллион тоннаға дейін көбейтті.**

Сондай-ақ, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевқа Атырау және Павлодар мұнай өңдеу зауыттарының жұмысы жөнінде мәлімет беріліп, Қазақстанның мұнай нарығындағы қазіргі жағдайы туралы баяндалды.

Баяндаманы тыңдаған соң Қазақстан Президенті экологиялық тұрғыдан таза жанармай түрлерін пайдаланудың және оның тұрғындар үшін қолжетімді болуын қамтамасыз етудің маңызды екенін атап өтті.

– Біз газбен жүретін автобустар шығарып жатырмыз. Солардың өндіріс көлемін ұлғайту қажет. Бұл ұлттық экономиканы ынталандырып, экологияға келетін зиянды азайтады. Сонымен қатар, көлікті газбен жүруге көшіру оның иелері үшін де тиімді, – деді Мемлекет басшысы.